

- 4 Клименко Т.М. Совершенствование уголовного законодательства как важнейшая предпосылка повышения эффективности борьбы с наркоманией и наркотизмом // Человек: преступление и наказание: науч. журн. / Академия ФСИН России. 2008. - № 2 (61). - С. 41.
- 5 Антонян Ю.М. Криминология. - М.: Инфра. 2012. - 308 с.
- 6 Южанин В.Е. Проблемы рецидивной преступности. - Л.: ЛГУ, 2013. – 179 с.
- 7 Шоткинов С.А. Профилактика рецидивной преступности женщин: попытка анализа // Закон и право. 2004. - № 6. - С. 59.
- 8 Майоров А. Методологические основы борьбы с наркотизмом в исправительных учреждениях // Уголовное право. - 2005. - № 5. - С. 101.
- 9 Клипов С. А. Контроль за лицами, освобожденными из исправительных учреждений, как институт уголовно-исполнительного права // Человек: преступление и наказание: науч. журн. / Академия ФСИН России. 2011. - №3(74). - С. 64.
- 10 Барабанов Н.П. Теоретический, организационный, правовой и криминологический механизмы обеспечения безопасности личности в следственном изоляторе. - Рязань: Редакционно-издательский отд. Акад. ФСИН России, 2012. - 177 с.
- 11 Сердюкова Н.Б. Наркотики и наркомания. - Ростов н/Д, 2000. – 210 с.
- 12 Дремлюга Р.И. Интернет преступность: монография. - Владивосток, 2008. – 198 с.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

*Озбеков Д.О., з.ғ.к., доцент, академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ
Курманова Г.Ж., академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің 4 курс студенті*

Егеменді де өркениеттің елдің бүгінгі мен ертеңі өрге бастырар жас жеткіншектер екені белгілі. Болашақтың тізгінін ұстайтын олардың алдағы атқаратын іс-әрекеттерінің түп-тамыры бүгінгі күнмен тығыз байланысты. Адамның дамуы, оның тұлғасының қалыптасуы сыртқы объективтік жағдайлар әсерінде ішкі субъективтік алғышарттармен бірге қалыптасады. Жасөспірімдер арасындағы тәрбие дұрыс ұйымдастыра алмау орны толмас өкінішке алып келуде. Себебі, шетелдің түрлі қойылымдары тек жауыздыққа, қатігездікке, өшпенділікке, жаман жолмен ақша табуды көксетуге және тасбауырлыққа алып келетіні бой алуда. Ол бейнекөрімдерді көрген жасөспірім сол әрекеттерді өмірде жасағысы келіп, бір сөзбен батыр болғысы келіп және оны дәлелдеу үстінде неше түрлі сұмдық істерге барады. Бірақ, қалай жаман жолға түсіп кеткенін, қалай қылмысқа барғанын білмей қалады. Бала тәрбиесіндегі отбасы рөлін халықта «ұяда не көрсең – ұшқанда соны ілесің» деп босқа айтпаған. Сондықтан, отбасы, ошақ қасындағы тәрбие әлсіз болса, бұл баланың бақылаусыз қалуына алып келеді.

Елбасы Жолдауының білім саласы қызметкерлері үшін де орны ерекше болды. Президент дәстүрлі Жолдауында «Мәңгілік ел» қағидасына айрықша көңіл бөлуі тегін емес. «Нұрлы жол» даму бағыты аясында жастардың болашаққа деген сенімін айқындап, қажырлы еңбек ете отырып, келешекті кемел ету жолында жастардың үлесі зор екендігін баса айтты. "Болашақта тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, қарыштап дамуы үшін сапалы білімі, саналы тәрбиесі бар отансүйгіш жастар ғана бар белесті бағындырары хақ".- деп өз сөзінде айта кетті.

Қазіргі кезде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықпен күресудің өзектілігі, оның деңгейі біздің мемлекетіміздегі қылмыстылықтың көрінісі мен жағдайын анықтайды. Бұл міндеттерді шешу үшін мемлекетіміздің барлық құралдарын – заң шығарушылық, құқық қорғау, ғылыми потенциал, қоғам және т.б. кеңінен пайдалануымыз керек. Қазіргі кездегі мемлекетіміздің құқықтық жүйесінің шешуге бағытталған көптеген міндеттерінің ішінде, ең маңызды мәселелердің бірі кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының алдын-алу болып табылады.

Көптеген авторлар кәмелетке толмағандармен қылмыс жасауына әсер ететін себептерді келесідей мән-жайлармен түсіндіреді:

- 1.Кәмелетке толмағанның жеке басының қалыптасуына жағымсыз әсер ететін мән- жайлар;
- 2.Қылмыстың жасалуына тікелей әсер ететін мән-жайлар;
- 3.Қылмыстық нәтижеге жетуге көмектесетін мән-жайлар.

1920-40 жылдар зертеушілеріне (П.П. Блонский, В.И. Куфаев, П.И. Люблинский) жүгінер болсақ, олар қылмыс жасаған кәмелетке толмағандар заң жағынан ғана емес, сонымен қатар психологиялық - педагогикалық жағынан да зерттеуді қажет ететін басты объект екенін алғаш рет

атап көрсетті. Бұл авторлардың пікірінше, кәмелетке толмағандардың қылмысына, одан әрі қылмысқа қадам басуына басты себеп-әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсер етуі болып табылады [1, 13].

Сот кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар мынадай мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін:

- 1) ескерту;
- 2) ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;
- 3) келтірілген зиянды қалпына келтіру міндетін жүктеу;
- 4) бос уақытын шектеу және кәмелетке толмаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу;
- 5) ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастыру;
- 6) жәбірленушіден кешірім сұрау міндеттемесін жүктеу;
- 7) пробациялық бақылау белгілеу [2, 36].

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы кейбір деректерге сүйенсек, қылмыс жасайтын кәмелетке толмағандардың жастық құрамы келесідей көруге болады: 14 пен 15 жас аралығында – 27,9 %, 16-17 жас аралығында – 72,1%. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының үлесі шамамен барық қылмыстардың 7-8 пайызын құрайды. Көріп отырғанымыздай, қылмыстарды көп жағдайда үлкен жастағы кәмелетке толмағандар жасайды екен. Ол бұл жас санатындағы субъектілердің мынадай ерекшеліктермен түсіндіріледі:

- Неғұрлым белсенді өзін-өзі жоғары қоюға икемділік;
- Бірқатар жағдайда тәртіпті дұрыс бағалай алмау және өзге тұлғалардың әрекеттерін белсенді түрде дұрыс түсінуге қабілетінің жеткіліксіз болуы;
- Даулы жағдайдан дұрыс жол тауып шыға алмау.

16 жастағы кәмелетке толмағандардың дәл осы ерекшеліктері әдетте оларды сәтсіз қоршаған ортаға тәуелді етеді. Соңғы кездері республикамызда кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы аландаушылық тудырады. 14 пен 15 жас аралығындағы қылмыс жасаған адамдар саны жылдан-жылға еліміздің барлық аумағында ауқымды түрде бой алуда.

Кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы тәртібін түсіндіруде тұлғаның қалыптасу сипатына қоғамның дамуындағы қайшылықтар, әлеуметтік жағдайдың әсерін тану шешуші жағдай болып табылады. Саяси, экономикалық, идеологиялық, мәдени-тәрбиелік, демографиялық, әлеуметтік-психологиялық сипаттағы үрдістер мен құбылыстар адам тәртібіне әсер етеді, оның тәртібінің сипаты мен мәнін анықтайды [4, 54].

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының негізгі себептеріне мына төмендегілерді жатқызуға болады:

- Кәмелетке толмағандардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырылмауы;
- Отбасындағы сәтсіздік;
- Мектептегі кәмелетке толмағандардың жеткіліксіз құқықтық тәрбиесі;
- Кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекетке тартатын ересек тұлғалардың әрекеттерінің теріс ықпалы;
- Халықтың материалдық қамтамасыз етілуі және әлеуметтік мәртебесі бойынша елеулі түрде бөлінуі;
- Еңбекке ақы төлеу және ақшалай, өзге де материалдық игіліктерді тұтыну қағидаларының бөлінуі;
- Қоғам өміріндегі олардың нақты позицияларын айқындайтын халықтың жекелеген топтарының оқуының, тәрбиеленуінің, еңбек етуінің сипаты мен мазмұнындағы ерекшеліктер;
- Тұлғааралық қатынастардағы қатыгездікпен қатар жүретін ата-аналарды және тұлға тәрбиесіне жауапты өзге де тұлғаларды қосқандағы халықтың жекелеген топтарының ішімдікке құмарлықпен, жүйке-психикалық және өзге де тұрақты ауруларға шалдығуы;
- Балалар мен жеткіншектердің дербестікке субъективтік тұрғыда талпынуы және әлеуметтену институттары қолданатын, олардың объективтік шектерін тартатын шараларының арасындағы қайшылықтар;
- Азаматтардың рухани және материалдық қажеттіліктері және оларды нақты жүзеге асыру мүмкіндіктерінің арасындағы сәйкессіздіктер;
- Құқықтық мәдениеттің төменгі деңгейі, халықтың жекелеген топтарының әлеуметтік және құқықтық санасының ауытқуы;

- Дәстүрлі тәрбиелік және алдын-алу қызметін бұл салада жеткілікті кәсіби деңгейі жоқ адамдардың жүзеге асыруы;

- Құқық бұзушыларды түзеу және қайта тәрбиелеу үшін, мамандырылған қоғамның өмір сүру саласын кадрлық және қор жағынан қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі [5, 23].

Яғни, әрбір жасалған құқық бұзушылықтың соңында нақты кәмелетке толмаған адам тұр, оны қалыптастыру әлеуметтік-психологиялық табиғаты бар криминогендік факторлардың тұтастай кешенді әрекеті болып табылады. Кәмелетке толмағандардың жеткіліксіз қорғалуы, жеке тұлғаны имандылық-құқықтық әлеуметтенудің дәстүрлі институттар қызметінің нашарлауы, елдегі мәдениеттің жалпы дағдарысы ахуалында жастардың мәдениетінің құлдырауы – қылмыстың өсуін ынталандыратын факторлар болып табылады. Кәмелетке толмаған девиантты жеке тұлғаның тәртіпті құрбыларынан айырмашылығы оның бұзылған имандылық және құқықтық қатынастармен сипатталатын ортасы мен қызметінің болуы:

- Кәмелетке толмағандардың тұлғасы жеткілікті қарқыны бар құқыққа қарсы және моральға жат әрекеттер жағдайында қалыптасады;

- Тәрбие беру процесінде оңтайлы әсер ететін көздердің: мықты оқу және еңбек ұжымдарының, қоғамдық ұйымдардың және т.б. болмауы;

- Тұлғаны қандай болса сондай түрде қабылдайтын, көзқарасы мен мінез-құлқы жөнінен ұқсас шеңберімен ғана тұйықталуы;

- Жанжалға жақындығы, қоғамға қарсы іс-әрекетке мемлекеттік және қоғамдық теріс бағаға дағдылануы, жеткілікті берік қорғану механизмдерін қалыптастыру;

- Ықтимал немесе нақты қылмыстық және басқадай әлеуметтік жауапкершілік алдындағы қауіптену, қорқу, ұят сезімінің төмендеуі;

- Тұлғаның біртіндеп криминалдануы, қылмыс жасау жағдайындағы белсенділігі және жеткіліксіз негізделген сылтаумен қылмыс жасауы.

Кәмелетке толмағандардың қылмысты істеу тәсілдері ақпарат ауқымда, кино, теледидардан көрсетіліп жүрген батыстың өмірге жат, белгілі ересек қылмыс жасаған адамдардың іс-әрекетіне еліктеумен сипатталады, яғни олар алғашқы қылмыс жасардағы таңдалған тәсіл жолын кинодағы бау-кеспелердің іс-әрекеттерін қайталау арқылы бастайды.

Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасау жағдайларының арнайы орны, уақыты ерекшеленеді. Кешкі мезгілде олар көбінесе, бұзақылық жасайды, денсаулыққа зиян келтіру, тонау, қарақшылық жасау, жеке басқа да қылмыстар жасайды, ал күндіз пәтер ұрлығымен айналысады.

Кәмелетке толмағандар тұлғасын мынадай топқа бөлу орынды болмақ:

- Қылмыс жасаған санат;
- Қылмыс жасауды кутуге болатын тұлғалар;
- Қоғамға қарсы мінез-құлыққа ие тұлғалар, мысалы «қиын» кәмелетке толмағандар;
- Кінәлі арандатушы мінез-құлықты қылмыстан зардап шеккендер.

Кәмелетке толмағандар қылмысының негізгі ерекшеліктерін былайша бөлуге болады:

- Жасырын қалуының жоғарлығы. Анықтаудың нашарлығы, кәмелетке толмағандар жасаған қылмысты тіркеудегі кемшіліктердің нәтижесінде осы қылмыстың нақты деңгейі ресми көрсетілген статистикадан 3-4 есе жоғары;

- Кәмелетке толмағандар мен үлкен жастағы топтар қылмыстылығының өзара байланыстылығы.

- Топтық қылмыстың өсуі. Жастардың топтық қылмысының үлесі үлкендер қылмысының аталған көрсеткішінен шамамен 1,5-5 есе жоғары. Сол себепті жастардың топтасып жасаған құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесінде болатын жағымсыз жағдайлардың қоғам үшін зардабы, ересек жалғыз қылмыскердің әрекетіне қарағанда маңыздырақ;

- Жоғары албырттық, қаталдық және қылмыстың жағдайлығы. Формалды емес бірлестіктерге жеңіл жиналу, топтасып қарым-қатынас жасауға әдеттену, дау-дамайлы жағдайларға әуестік, өзін-өзі көрсету бейімділік, ерекше және айрықша болуға ұмтылу, идеялық, имандылық және құқықтық сенімнің тұрақсыздығы белгілі бір ерекше қиын жағдайларда кәмелетке толмағандардың шебер арандатылған қоғамға қарсы әрекеттерінің қауіптілігін аз уақыт ішінде көп есе арттыруға қабілеті;

- Қылмыстың осы түрінің мәселесіне қоғамдық көзқарастың біркелкі еместігі. Кейде оның себептерін жас ерекшелігі, отбасындағы тәрбиелеу қылықтары мен жағдайлары сияқты қарапайым түсіндіру тенденциясының пайда болғандығын көруге болады [6, 45].

Қорыта келгенде, жылдан-жылға күрделеніп бара жатқан жастар арасындағы тәлім-тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жаңа жүйеге бейімдеу мақсатында мектеп пен ата-ана, мектептен тыс тәрбие ошақтары арасында тығыз байланыс орын алуы тиіс және кәмелетке толмағандармен құқықтық тәрбие жүйелі түрде жүргізілуі керек. Тәуелсіз Қазақ елінің өсіп-өркендеуі мен гүлденуін тікелей жастармен байланыстыратын Елбасы: «Мен жас ұрпақтың ел болашағы үшін маңызын әрқашанда атап көрсетіп келдім және атап көрсете беремін. Мемлекет әрбір жас адамның өз еліне міндетті түрде қажет болуы үшін бәрін де жасайды» деп айтып көрсетті.

Біздің ойымызша, қандай да бір құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағанға негізінен бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза қолданылып, жаза өз мақсатына жету үшін, құқық бұзушылық жасаған адамды тәрбиелеу үшін онымен жеке жұмыс күнделікті атқарылуы тиіс, яғни ата-ана, мектеп, жоғары оқу орны, құқық қорғау органдары жүйелі түрде жұмыс атқарса, сонда ғана алға қойылған мақсатқа жетуге болады, себебі кәмелетке толмаған жеткіншектер – еліміздің азаматы, еліміздің болашағы!

Әдебиеттер тізімі:

- 2 Белгібеков Е. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығы // Әділ сот. –2009ж. – №4. – 13-15 бет.
- 3 Аязбеков Т. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстарға белгіленетін жауаптылық түрлері
- 4 Қазақстан Республикасының құқық жаршысы. // Заңгер. – 2013. – №2. – Б.36-39 б.
- 5 Бұғыбай Д. Қылмыстық құқық – Алматы, 2003. – 232 б.
- 6 Наумов А.В. Қылмыстық құқық. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2001. – 590 б.
- 7 Қасымбетов Қ. Кәмелетке толмағандардың жеке басының ерекшеліктері // Хабаршы. – Алматы, 2011. – №4(60). – 97-101 б.

ТЕРГЕУ СУДЬЯСЫ ИНСТИТУТЫН ЖЕТІЛДІРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

*Оспанова М.Н., заң факультетінің 4 курс студенті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(Ғылыми жетекші – Г.С. Рысжанова, з.ғ.м., қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы)*

Елбасының алға қойған маңызды міндеттерінің бірі - еліміздегі сот төрелігін нақты іске асыру, оның халыққа ашық және қолжетімді болуын қамтамасыз ету. Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция арқылы кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқығын жүзеге асыру болып табылады. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесінде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастыру қажет. Заң бұзушылықтар бойынша дауларды шешуде тергеу судьясы институтының сотқа дейінгі өндірісті бақылаудағы рөлін арттырып отырады [1, 37].

Мемлекет басшысы өзінің бес институционалды реформасын жүзеге асыру барысында судьяларды таңдау, оларға қойылатын кәсіби біліктілік талаптары – сот жүйесінің әлсіз тұстары екендігін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, судьялар жабық корпорацияға айналмауы тиіс керісінше, қоғамға ашық болуы керек. Бұл ретте Елбасы ашық болу мәселесін судьялар қатарындағы коррупцияға қарсы дәрімен теңеді. «Судьялар сот жүйесінде кемінде 5 жыл істеген болуы қажет. Олар қатаң іріктеуден өтуі шарт және аз дегенде 1 жыл тәжірибеден өтуі қажет. Жаңадан алынған судьялар бір жыл тәжірибелік мерзімде болуы тиіс және оқудан соң сынақ тапсырып, ең мықты дегендері қызметке алынуы қажет», - деді Елбасы [2, 1].

Біздің елімізде ҚР ҚПК - не сәйкес 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап тергеу судьясының институты жұмыс істей бастады. Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында прокурорлық қадағалаумен қатар тергеу судьясы институтын енгізу арқылы сот бақылауын жүргізу - азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын мемлекет тарапынан қорғалуына тиімді әсерін тигізетіні сөзсіз.

Қылмыстық – процесік кодексіндегі қылмыстық процестің бастапқы сатысындағы тергеуге дейінгі азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтауға және көптеген іс шаралар жүргізбей-